

1 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық жадынама

Неліктен балада қиындықтар болуы мүмкін?

Мектепте жаңа талаптар қойылады: мұқият тыңдау, басқа жаққа көңіл аудармау, белгіленген ережелер мен тәртіпке бағыну.

Ата-ана тарапынан талаптар пайда болады:

Күн тәртібін өзгерту, өзін-өзі ұстауда дербестік таныту, өзіне-өзі қызмет көрсету, бойынша (өзіне қарау) тапсырмаларды орындау

Бала құрдастарымен жаңа қатынастарға енеді:

Бала барлығы сияқты оқи ала ма, онымен балалар дос бола ала ма, оны сөзбен немесе әрекетпен ренжітпей ме деген ойлармен қобалжи бастайды.

Мектепте оқуды бастауға байланысты бала өмірінде болатын барлық өзгерістер кезінде, ата-анаға мыналарды ұмытпау қажет:

- Бірінші сынып оқушылары өте эмоционалды болады,
- Тез әсерленгіш болады,
- Тез шаршайды,
- Олардың зейіні тұрақсыз,
- Өзін ұстауы сыртқы жағдайға тәуелді болады.

Баланыз өзіне сенімді, өзін бағалауы дұрыс болуы, батыл, бастамашыл болуы үшін, өз сөзіңізге мұқият болыңыз:
Өзіңізде жағымсыз бағдардың бар-жоғына талдау жасаныз және баламен қарым-қатынаста оларды өз сөзіңізде қолданбаңыз.

Ұсыныс:

Мектепке келу-әр баланың өміріндегі өтпелі кезең. Оқудың басталуы оның күнделікті өміріне өзгеріс енгізетіндігі, осы 6-7 жас кезеңінде баланың психологиялық келбеті де жаңарады, жеке адамдық, танымдық және ақыл-ой, көңіл-күй, қарым-қатынас ортасы өзгереді. Осы кезде ата-ана баланың сәтсіздігіне шыдамдылық талпыныстарына қолдау көрсету керектігі айтылады. Психологтар даму ерекшеліктері жайында. Физиологтардың айтуы бойынша 7 жаста мидың үлкен жарты шарлары мен қабағы дамыған күйде болады. Бірақ адам миының басқа бөлімдері әлі де толық дамымаған күйде болатындығы. 1-сынып оқушысында ырықсыз ес дамыған, ойлауы көру-бейнелік болатындығы, яғни балаға көру материалдарын көбірек қолдану жайында айтылды.

Сонда да мектептегі оқудың басталуы әр бала үшін өте күшті стресс. Оқудың бірінші жылында көп нәрсе 1-сынып оқушысының ата-анасына байланысты болады деп, мектепке оқуға даярлығы төмен оқушылардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, түзету жұмыстары жүргізілді.